ҚУАТТЫ ҮНЕМДЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАДЫНАМА

ҚУАТТЫ ТИІМДІ ТҰТЫНУ

Өнеркәсіпте, үйлерде және пәтерлерде тұтынылатын қуаттың мөлшерін азайтудың және қуатты үнемдеудің арқасында тұтынушылардың қаражаты айтарлықтай мөлшерде үнемделеді.

Мамандар қарапайым және арзан тәсілдердің көмегімен тұтынылатын қуаттың 40%-на дейін үнемдеуге болады деп санайды.

Қуатты дұрыс пайдалану туралы көбірек білгеніңіз жөн, сонда Сіз қаражатыңызды үнемдеп қана қоймай, қоршаған ортаны ластаудан сақтауға мүмкіндік тудырасыз, себебі жылу мен электр қуатын неғұрлым ұтымды пайдалансақ, соғұрлым бағалы шикізат қорларын азырақ пайдаланамыз.

ЭЛЕКТР ҚУАТЫН ҮНЕМДЕУ

1. Қуат үнемдейтін шамдарды пайдаланыңыз

Қуат үнемдейтін шамдар дәстүрлі қызу шамдарына қарағанда, қуатты 80%-ға аз тұтынады әрі 8-10 есе ұзақ қызмет етеді:

- пайдаланылатын шам әруақытта жарықтандыруға деген іс жүзіндегі қажеттікке сәйкес келуі тиіс;
- бірнеше аз қуатты шамды пайдаланғанша, бір қуатты шамды пайдаланған дұрыс;
- шағылысқан жарықтандыруды болдырмаңыз;
- жұмыс орындарын әруақытта күндізгі жарықты пайдалану мүмкін болатындай етіп жабдықтаңыз;
- шырақты оның функциясына сәйкес етіп орналастырыңыз (оқуыған кезде жарықтандыруға арналған шамды шынымен оқитын жерге қойыңыз, т.с.с.).

Қызу шамдарын қазіргі заманғы қуат үнемдейтін шамдарға ауыстырудың арқасында пәтердегі электр қуатын тұтыну көлемі айтарлықтай азаяды. Жұмсалған шығындарыңыз бір жылдан аз уақытта ақталады. Қазіргі заманғы қуат үнемдейтін шам 10 мың сағатқа дейін, ал қызу шамы болса орта есеппен алғанда 1,5 мың сағат, яғни 6-7 есе аз жұмыс істейді. Бірақ оның құны да 2-3 есе жоғары. Қуаты 11 Вт болатын шағын люминисценттік шам қуаты 60 Вт болатын қызу шамын алмастырады. Жұмсалған шығындар бір жылдан аз уақытта ақталады, мұндай шам 3-4 жыл жұмыс істейді.

Табиғи жарықтандыруды ескермеуге болмайды. Үй-жайдағы перделер, тұсқағаз және төбе ашық түсті болса, терезелер таза болса, терезенің алдындағы гүлдер көп болмаса, пәтер мен кеңсенің жарықтандыру деңгейі ұлғайып, шырақтарды пайдалану уақыты қысқарады. Шаң басқан терезелер табиғи жарықтандыруды 30%-ға қысқартатынын ескерген жөн.

2. Барынша үнемді тұрмыстық аспаптарды пайдаланыңыз

Қазіргі заманғы тұрмыстық аспаптар бұрынғыларына қарағанда аз қуат тұтынады. Жабдықты «stand by» режимінде (күту режимі) қалдырмаңыз, жабдықтың өзіндегі «қосу/өшіру» түймешігі арқылы немесе розеткадан суыру арқылы жабдықты өшіріп жүріңіз. Пайдаланылмайтын аспаптарды (мысалы, телевизорды, бейне магнитофонды, музыкалық орталықты) желіден өшіру электр қуатын тұтыну көлемін жылына 300 кВтсағ. шамасына азайтуға мүмкіндік береді.

Диагоналі 20-21 дюйм болатын орташа экраны бар телевизор күту режимінде 75 мА (миллиампер) тогын тұтынады (желідегі кернеу 220 В (вольт) болған кезде), тұтынатын қуаты – P=I*U (қуат ваттпен, ток ампермен және кернеу вольтпен беріледі), яғни жұмыс істемей тұрған телевизор келесідей мөлшердегі қуатты тұтынады: P = 0,075 x 220 = 16,5 Вт. Егер Сіз телевизорды күніне 6 сағат қарасаңыз, оның күту режимінде тұтынатын қуатының көлемі тәулігіне 297 Вт'сағ., бір айда 8910, яғни 9 кВт сағ. мөлшерін құрайды. Музыкалық орталықтың тұтынатын қуатын аталған жолмен есептегенде, айына шамамен алғанда 8 кВт сағ. шығады, ал видеомагнитофон тұтынатын қуат айына 4 кВт сағ. құрайды. 3 аспап қана күту режимінде айына барлығы 21 кВт сағ. қуатты тұтынады.

Шаң жинауға арналған қапшығының үштен бірі толып тұрған шаңсорғышты пайдаланған кезде шаң сору қабілеті 40%-ға нашарлайды, осыдан жұмсалатын электр қуатының көлемі де 40%-ға артады. Бөлмені жинардың алдында шаңсорғыштағы шаңды жинауға арналған қапшықты

немесе контейнерді жүйелі түрде тазалаудың арқасында электр қуатын тұтыну мөлшері айтарлықтай қысқарады.

Кір жуу машиналарын ұтымды пайдаланудың басты шарты – кір жүктеудің ең жоғары нормасын асырмау. Кір жуу машинасының толық жүктелмеуін де болдырмаған жөн, бұл жағдайда электр қуатының шамадан тыс жұмсалу көлемі 10-15%-ды құрайды. Кір жуардың алдында әруақытта киімдерді сұрыптап алған жөн, шамалы немесе орташа кірленген кірді жуғанда алдын ала жуу функциясын пайдаланбаған дұрыс. Кір жуудың бағдарламасын дұрыс таңдамасаңыз, электр қуатын шамадан тыс тұтыну көлемі 30%-ға дейін өседі.

Киімдерді үтіктеген кезде біраз қуат үнемдеу үшін толығымен кепкен киімді үтіктемеген жөн.

Электрлік плитаның мөлшеріне сәйкес келмейтін ыдысты пайдаланған кезде 5-10% қуат босқа шығындалады. Электрлік плиталарда электр қуатын үнемдеу үшін түбі конфорканың диаметріне тең немесе одан біраз асатын ыдысты пайдалану қажет. Түбі қисайған ыдыс электр қуатының 40-60%-ға артық шығындалуына әкеліп соғуы мүмкін.

Электрлік шайнектің қағын уақтылы тазалап отырған маңызды. Шайнектегі қақ суды бірнеше рет жылытып, қайнатқаннан пайда болады, оның жылу өткізгіштігі төмен, сондықтан қақ тұрған ыдыстағы су баяу қызады.

Тоңазытқышты ас үйдің ең салқын жеріне қойған жөн, негізі сыртқы қабырғаның қасында тұрғаны дұрыс, бірақ қандай болған жағдайда да плитаның жанына қоймаңыз. Тоңазытқышты температурасы 30°С-қа дейін баратын бөлмеге қойсаңыз, қуатты тұтыну мөлшері екі есе көбейеді.

Суықтың шығуын болдырмас үшін, тоңазытқышты мүмкіндігінше аз ашу қажет. Тоңазытқышқа жылы тамақтарды қоярдың алдында оларды бөлме температурасына дейін суытып алған жөн.

Мұздатқыш камераға мұз қатып қалған кезде оны міндетті түрде ерітіңіз. Мұздың қалың қабаты қатырылған тамақты суытуды нашарлатады және электр қуатын тұтыну мөлшерін көбейтеді.

Ұялы телефонның зарядтауға арналған құрылғысын розеткаға қосып қалдырған жағдайда, телефон қосылып тұрмаса да, құрылғы қызады, себебі қуат тұтына береді. Зарядтауға арналған құрылғы розеткаға үнемі қосылып тұрғанда 95% қуат босқа жұмсалады.

3. Тамақ дайындаған кезде қуат үнемдеу жөніндегі төмендегі кеңестерді орындаңыз:

- ыдыстың конфорканың мөлшеріне сәйкес келетінін қадағалаңыз, сонда жылу оңтайлы пайдаланылады;
- тегіс және қалың түбі бар ыдыстарды пайдалану және тығыз жабылатын қақпақтарын жабу арқылы жылудың артық жұмсалуын болдырмаңыз;
- электрлік плита конфоркасының және пешінің қалдық жылуын пайдаланыңыз. Плитаны тамақ әзір болғанға дейінгі 10 минут бұрын өшіріңіз;
- тамаққа сұйықтықты аз құйып, қақпағын жауып дайындаңыз, себебі судың жылдам булануы тамақ дайындау уақытын 20-30%-ға ұзартады. Бұл қуатты, суды, уақытты үнемдейді, осылай дайындалған тамақ денсаулыққа пайдалы әрі дәмді болады. Қайнағаннан кейін төмен температура режиміне ауыстырған жөн;
- көп уақытты қажет ететін тамақ дайындаған кезде жылдам қайнататын ыдысты пайдаланыңыз;
- тамақ қайнағанда қыздырудың жоғары дәрежесінен қайнау температурасын ұстап отыруға жеткілікті төмен дәрежесіне уақтылы ауыстырыңыз. Егер газ плитаңыз болса, оттың қарқынын азайтыңыз;
- пешті алдын ала қыздырудан бас тартыңыз – тамақ түрлерінің көбін дайындау үшін алдын ала қыздырудың қажеті жоқ;
- пеште ауаны мәжбүрлеп циркуляциялау режимін пайдаланыңыз, себебі бұл бір уақытта түрлі деңгейлерде суға пісіруге және пешке пісіруге мүмкіндік береді, бұл кезде жылу жақсы таратылып бөлінеді. Осының арқасында пеште төмен температурада да тамақ дайындауға болады. Пеште бір уақытта көкөністер, гарнирлер және ет пісірген кезде қуат оңтайлы түрде пайдаланылады;

- пештің есігін тек шынымен қажет болған жағдайда ғана ашыңыз;
- пешке салмағы 1 кг-нан асатын үлкен ет бөліктерін ғана пісіріңіз. Мөлшері 1 кг-нан аз етті конфоркаға пісірген тиімдірек;
- кофені мүмкіндігінше кофе машинасында (кофе шайнек-термосы бар) қайнатыңыз, бұл кастрөлге құйып су қайнатқаннан гөрі үнемді. Басқа арнайы аспаптар, мысалы жұмыртқа пісіруге арналған аспап немесе тостер де қуатты үнемдейді.

ЖЫЛУДЫ ҮНЕМДЕУ

1. Ақшаңызды құр шашпаңыз

Терезелерді бірнеше сағатқа ашып қойғаннан таза ауа кіре қоймайды, ал жылу көп жұмсалып, ақшаңыз шығындалады. Үйіңізді жиірек желдетіңіз, терезені біраз ғана ашып ұойып, бірнеше минуттардан соң жабыңыз. Бұл уақытта жылыту радиаторындағы термостаттық вентильді өшіріп отырыңыз.

2. Жылудың шығатын жерін бөгемеңіз

Қапталмаған батареялар ұсқынсыз болса да, бұл жылудың үй-жайға кедергісіз таралуына кепілдік береді. Ұзын перде, радиатор экрандары, тиімсіз орналастырылған жиhаз, батареяның алдына қойылған кір кептіруге арналған бағандар 20%-ға дейін жылу қуатын тартып алуы мүмкін.

3. Пәтеріңізді тым ысытпаңыз

Кейбір адамдар пәтерінің ыстық болғанын ұнатады, кейін жылытуға келген шоттағы сомаларға таң қалады. Үй-жайдағы температураның әр қосымша градусы қуатқа жұмсалатын шығындардың қосымша 6%-ға ұлғаюына әкеліп соғатынын әрқашан есте сақтаңыз.

4. Жылуды сақтаңыз

Терезеден жылудың шығуын азайту үшін түнде жалюзиді түсіріп, перделерді жабыңыз.

5. Даланы емес, өз пәтеріңізді жылытыңыз

Радиаторлық батарея мен қабырғаның ортасына алюминий фольгадан жасалған қорғау экранын орнатыңыз. Фольга радиатор шығаратын жылуды шағылыстырып, бөлмеге қайта бағыттайды. Осының арқасында жылытуға жұмсалатын шығындарды 4%-ға дейін қысқартуға болады.